

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<Тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс берушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӘ> арқылы бір жағынан және <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің толық атауы> бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӘ> арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 17-тармағының 1) тармақшасына және тендер тәсілімен <қызметтердің атауы> сатып алу қорытындысы туралы <хаттаманың бекітілген күні> хаттамаға сәйкес осы шартты (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында тендер тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі – Қызмет) сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастырды және <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) сомасына Жеткізушінің тендерлік өтінімін қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызмет көрсету бойынша міндеттеме алады.

1.3. Шарт негізінде қандай да болмасын зияткерлік меншік құқықтарын (патенттерді, шешімдерді, ноу-хауды және авторлық құқықпен қорғалатын өзге де әзірлемелерді) Тапсырыс берушіде орнатылған «FortiWAF» рұқсатсыз қол жеткізуден қолданбаларды қорғауға арналған бағдарламалық қамтылымды (бұдан әрі – БҚ) беру жүргізілмейді.

1.4. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- Шарт;
- сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің) тізбесі (Шартқа №1 қосымша);
- техникалық ерекше нұсқама (Шартқа № 2 қосымша).

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС сомасын қосқанда> _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) (бұдан әрі - Шарттың жалпы сомасы) болады, _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құнынан <және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасынан тұрады> (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады). Шарттың жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баж салықтары мен өзге де төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызмет көрсетуге байланысты барлық шығысы кіреді.

2.2. Тапсырыс беруші мынадай тәртіппен Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы Шарт бойынша ақы төлейді:

Жеткізуші Тапсырыс берушіге «Электрондық шот-фактуралар» мемлекеттік ақпараттық жүйесінің (ЭШФ АЖ) web-қосымшасы/порталы арқылы қойылған тиісінше ресімделген шот-фактураларды ұсынған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары электрондық түрдегі және (немесе) қағаз нұсқадағы Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде - Қызметтерді тиісті көрсету фактісі бойынша Шарттың жалпы сомасының 100% (жүз пайызы) мөлшерінде.

2.3. Барлық салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баж салықтарына және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін осы сияқты өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы салынуға тиіс (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші түпкілікті табыс алушы болса және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасын төлеу кезінде салық салудан босатуды немесе тиісті халықаралық шартта көзделген салықтың төмендетілген мөлшерлемесін дербес қолдануға құқылы (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табысына қатысты қолданылады (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Салық салудан босату немесе салықтың төмендетілген мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде халықаралық шартты қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) мен мажоритарлық акционерлері көрсетіле отырып, құрылтай құжаттарының нотариатта куәландырылған көшірмелерін не сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен немесе

бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де осыған ұқсас құжаттан) үзінді-көшірмені ұсынған жағдайда ғана рұқсат етіледі (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі құрылған жағдайда Жеткізушінің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде бейрезиденттің тіркелуін растайтын құжатты ұсыну талабымен Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамай Жеткізушіге табыс сомасын төлейді (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыспен алынған құжаттардың, корпоративтік электрондық пошта арқылы және (немесе) өзге де тәсілмен алынған құжаттардың сканерленген көшірмелерінің заңды күші болады және оларды Шарттың 2.8, 2.13, 2.14-тармақтарында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде (Алматы қаласынан тыс орналасқан Жеткізушілер үшін) кейіннен түпнұсқаға ауыстыра отырып, Тапсырыс беруші қабылдайды (тармақ Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.11. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады (тармақ Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.12. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлегеннен бастап Қазақстан Республикасының салық заңнамасында бекітілген мөлшерлеме бойынша төлем көзінен табыс салығы ұсталуға жатады (осы тармақ Жеткізуші ҚР резиденті болмаған жағдайда қолданылады).

2.13. Егер қандай да бір себептермен Тапсырыс берушінің салық органы Жеткізуші ұсынған резиденттікті растайтын, кейінгі салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін құжатты қабылдамаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушімен бірге резиденттікті растайтын құжаттың дұрыс ресімделген нұсқасын ұсынуды қоса алғанда, осы мәселені шешу үшін бар күшін салады.

2.14. Егер Жеткізуші қандай да бір себептермен Жеткізушінің резиденттігін растайтын құжаттың дұрыс ресімделген нұсқасын ұсынбаса, туындаған салық міндеттемелері Жеткізушінің салық міндеттемелері болып табылады, оларды Жеткізуші өсімпұлды ескере отырып, Тапсырыс беруші елінің салық органы анықтаған салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей толық көлемде орындауы (Тапсырыс берушіге өтеуі) тиіс, онда Жеткізушінің резиденттігін растайтын құжаттың Тапсырыс беруші елдің салық заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі анықталды (тармақ, егер Жеткізуші басқа елдің тұрғыны болған жағдайда қолданылады).

2.15. Жеткізуші өзінің Шарт шеңберінде алынатын табыстың (тардың) түпкілікті (нақты) алушысы (иесі) екенін растайды және осы табысқа (тарға) иелік ету, пайдалану, билік ету құқығына ие болады, сондай-ақ осы мақсаттар үшін Тапсырыс берушіні оның делдал емес екеніне сендіреді (тармақ, егер Жеткізуші басқа елдің резиденті болғанда қолданылады).

2.16. Жеткізуші тиісті түрде ресімдемеген қажетті төлем құжаттарын уақтылы ұсынбау немесе ұсыну Тапсырыс берушіні уақтылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізуші көрсеткен Қызметті Шарт талаптарына сәйкес Акт негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажет құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) Шарт талаптарына сәйкес Қызметке ақы төлеуге;
- 4) Жеткізушіге Шарттың орындалуына енгізілген қамтамасыз етуді Жеткізуші өзінің шарттық міндеттемелерін толық және тиісінше орындағаннан кейін Тараптардың уәкілетті өкілдері Актілерге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап қайтаруға (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде);
- 5) Жеткізушімен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын уәкілетті тұлғаларды айқындауға, олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), телефон нөмірлері және олармен жедел байланысу үшін электрондық пошта адрестері көрсетіле отырып, Жеткізуші көрсететін қызметтердің сапасына, толықтығына және Шарт талаптарына сәйкестігіне бақылау жүргізуді, Жеткізуші көрсеткен Қызметтерді қабылдауды, сондай-ақ ілеспе қызметтердің (оның ішінде кепілдік міндеттемелердің) толық әрі тиісінше көрсетілуін бақылауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ қажет болған жағдайда, жоғарыда көрсетілген деректерді жаңартып отыруға міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарт талаптарына сәйкес Қызметтің толық көлемде және мерзімде тиісінше көрсетілуін талап етуге;
- 2) көрсетілетін Қызметтің көрсетілу барысын, сапасын және көлемінің толықтығын бақылауға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Қызметтер көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-тапсыру процесінде, сондай-ақ Қызмет көрсету кезеңінде ескертулер, сәйкессіздіктер, шала жұмыстар, кемшіліктер, БҚ жұмысында іркілістер (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда – Жеткізушіден анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жіберу жолымен оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге не төлемнен ішінара немесе толық бас тартуға және Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібере отырып, Актіге қол қоймауға;
- 4) Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен кез келген кезеңде біржақты тәртіпте Шартты бұзуға;
- 5) Жеткізушіден Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және туындауына Жеткізушінің кінәсі жоқ объективті себептер болған кезде өзінің қалауы бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге;
- 7) егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген негіздер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан (Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы Шартта талаптар болған кезде) бұзылса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді

қайтармауға;

8) Қызметтер тиісінше көрсетілмеген жағдайда, Жеткізушіден келтірілген залалды өтеуді талап етуге;

9) Шарттың 6-бөліміне сәйкес есептелген өсімпұл (тұрақсыздық айыбы, айыппұл) сомасын Шарттың талаптарына сәйкес Жеткізушіден төлеуге жататын сомадан ұстап қалуға;

10) Қызметтерді сатып алуға арналған шығыстардың қысқаруына, оларды одан әрі көрсетудің орынсыз болуына және (немесе) еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауына байланысты (сатып алудан бас тарту) Жеткізушіге тиісті жазбаша хабарлама жолдау арқылы Шартты толық немесе ішінара кез келген уақытта бұзуға құқылы.

3.3. Жеткізуші:

1) Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда толық көлемде Қызмет көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсету барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) білікті мамандардың Қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Тапсырыс беруші Қызметтер көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-беру процесінде, сондай-ақ Қызмет көрсету кезеңінде ақаулар анықтаған жағдайда – ақауларды Тапсырыс берушімен келісілген, бірақ анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден хабарлама алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өз қаражаты есебінен дербес жоюға;

5) Жеткізуші ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоя алмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

6) Тапсырыс берушіден алынған жасырын ақпаратты Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан жария етпеуге және құпия сақтауға;

7) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

8) егер Жеткізуші Шартты орындау кезеңінде кез келген сәтте Шартты уақтылы орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші дереу Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен де, ішінара да ешкімге бермеуге (*қажет болғанда*);

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

11) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасының 3% (үш пайызы) мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге (Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы Шартта талаптар болған кезде және Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтылымды енгізу мерзімі өткенге дейін күшіне енген Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайды

қоспағанда);

12) Қызмет көрсету кезеңі ішінде көрсетілетін Қызметтердің сапасына кепілдік беруге;

13) Қызмет көрсету құқықтары қайта ұйымдастырылған, таратылған не жоғалған жағдайларда – бұл туралы Тапсырыс берушіге тиісті жазбаша хабарлама беру жолымен, оның ішінде Шартта көзделген көлемде және мерзімдерде Қызмет көрсетуге құқылы құқықтық мирасқор туралы – уәкілетті органнан құжатты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға;

14) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шартты іске асыру мақсатын қоспағанда, қандай да бір құжаттарды және (немесе) ақпаратты пайдаланбауға;

15) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған және (немесе) Шарт бойынша Қызметтер көрсету кезеңінде белгілі болған жасырын ақпараттан басқа өзге де ақпаратты жария етпеуге және құпия сақтауға;

16) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Тапсырыс берушінің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға;

17) Қызмет көрсету кезеңінде Қызмет көрсету жөніндегі қызметті үйлестіру үшін байланысатын тұлғаны айқындауға;

18) Тапсырыс берушінің сұратуларына уақтылы ден қоюды қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушіге Техникалық ерекше нұсқама талаптарына (Шартқа №2 қосымша) сәйкес Шарттың қолданылу мерзімі ішінде туындаған техникалық проблемаларды шешу бойынша консультация беруге;

19) қажет болған жағдайда және (немесе) Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қызметтер көрсетуге байланысты қосымша ақпарат беруге;

20) Қызметтердің сапалы және уақтылы көрсетілуіне теріс әсер етуі мүмкін барлық мәселелер мен мән-жайлар туралы жедел хабардар етуге;

21) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шартты іске асыру мақсатын қоспағанда, қандай да бір құжаттарды және (немесе) ақпаратты пайдаланбауға;

22) Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға және (немесе) тиісінше орындамауға байланысты шығыстарды дербес көтеруге міндеттенеді

3.4. Жеткізуші:

1) Қызмет көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруіне рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарт талаптарына сәйкес көрсетілген Қызмет үшін ақы алуға құқылы.

4. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі Шарт күшіне енген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, бірақ Тапсырыс берушінің бағдарламалық қамтылымды пайдалану құқығына арналған қолданыстағы лицензиясының қолданылу мерзімі тоқтатылатын/аяқталатын күннен (2026 жылғы 25 қыркүйек) кешіктірмей, Жеткізуші Тапсырыс берушіге электрондық пошта арқылы қолданбаларды рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауға арналған бағдарламалық қамтылымды Құқық иеленушіден (бұдан әрі – Вендор), сондай-ақ бағдарламалық қамтылымның ресми және (немесе) өңірлік өкілінен (өкілдігінен/дистрибьюторынан) ресми техникалық қолдауды ұзарту үшін қол жеткізу кілтін/терін) ұсынуы керек.

Қызмет көрсету кезеңі: Тапсырыс беруші қол жеткізу кілтін іске қосқан күннен және Тараптардың уәкілетті тұлғалары Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап есептелетін кемінде 12 (он екі) ай.

4.2. Қызметтер көрсету орны: Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша: Қазақстан Республикасы, А15Р5В5 (050057), Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8, 163-тұрғын емес үй-жай немесе Тапсырыс берушінің нақты орналасқан жері/мекенжайы өзгерген жағдайда - өзге де мекенжайлар.

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Қызметтерді тиісінше көрсету фактісі бойынша Жеткізуші Тапсырыс берушіге көрсетілген Қызметтер үшін өз тарапынан қол қойылған Актіні (қағаз нұсқада және (немесе) электрондық түрде) қарауға және қол қоюға ұсынады және Тапсырыс берушіге шотты және (немесе) ЭШФ АЖ арқылы электрондық шот-фактураны жібереді/ұсынады.

5.2. Тапсырыс беруші есептік айда көрсетілген Қызметтердің сапасын, толықтығын және олардың Шарт талаптарына және Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады (Шартқа №2 қосымша).

5.3. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде ескертулер және (немесе) жойылмаған, көрсетілген Қызметтерде ақаулар болған жағдайда, Тапсырыс беруші оларды Актіде көрсетеді, бұл Жеткізушіден Шарттың 6-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алу үшін негіз болып табылады.

5.4. Тапсырыс берушіде Қызметтерді тиісінше көрсету фактісі бойынша Жеткізушіге ескертулер болмаған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге Тапсырыс беруші оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қояды.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауап береді.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде өз құқықтарына нұқсан келтірмей, Жеткізушіден өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда - Қызмет көрсетудің нақты басталу күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін Шарттың жалпы сомасынан

0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыздан), алайда Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайыздан) аспайтын мөлшерінде өсімпұл;

2) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда - кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыздан), алайда Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайыздан) аспайтын мөлшерінде өсімпұл;

3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жоюдан бас тартқан және (немесе) мүмкін болмаған жағдайда - Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызынан) аспайтын мөлшерде айыппұл;

4) Шарттың 3.3-тармағының 13) тармақшасында көзделген мерзім бұзылған жағдайда - тиісті құжатты беру күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызынан), алайда Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайтын мөлшерінде өсімпұл төлейді.

6.3. Жеткізуші және (немесе) Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартылған адамдар (Жеткізушінің қызметкерлері) Шарттың 7-бөлімінің және осы бөлімінің 3.3-тармағының 6), 15) және 16) тармақшаларында көзделген талаптарды бұзған жағдайда - Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартылған Жеткізушінің және (немесе) тұлғалардың (Жеткізуші қызметкерлерінің) Тапсырыс берушіден алынған және (немесе) Шарт бойынша Қызмет көрсету кезеңінде белгілі болған конфиденциалды және (немесе) өзге де ақпаратты жария етуі салдарынан келтірілген залалды өтеуге міндетті.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған әрбір жұмыс күні үшін төлеуге жататын сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, төлем күнін қоса алғанда, Шарт бойынша төлем мерзімін бұзған әрбір жұмыс күні үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 5% (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші төлемді жүзеге асыру кезінде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың, айыппұлдың) сомасын дербес ұстап қалуға құқылы.

6.6. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.8. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде). Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша орындалмаған шарттық міндеттемелерге шамалас түрде Тапсырыс беруші жүргізген соманы қайтаруды жүзеге асыруға міндетті.

6.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету толық көлемде ұсынылмаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің жеткізілмеген сомасының 1% (бір пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.10. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету енгізілмеген не уақтылы енгізілмеген жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.11. Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, ол Жеткізушіге жоғалған пайданы өтемейді және Жеткізуші келтірген нақты залал үшін ғана жауапты болады.

6.12. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауға міндеттенеді.

6.13. Шарт сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен оны жарамсыз деп таниды.

7. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарының және ұсынушы Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпаратты) екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінші тарапқа:

1) Шартты орындау үшін Жеткізуші тартқан қызметкерге ұсыну жағдайын қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды. Көрсетілген ақпарат аталған қызметкерге жасырын түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

2) мұндай жария ету заңнамада ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратулары негізінде жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, жария етілмейтінін мойындайды.

7.2. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбайды.

7.3. Жасырын ақпаратты, оның ішінде Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартылған адамдар (Жеткізушінің қызметкерлері) *(тартылған жағдайда)* жария еткен жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

7.4. Жеткізуші және (немесе) Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін тартылған адамдар (Жеткізушінің қызметкерлері) Тапсырыс берушіден алынған және (немесе) Шарт бойынша Қызметтер көрсету кезеңінде белгілі болған жасырын ақпараттан басқа өзге ақпаратты жария еткен жағдайда, Жеткізуші Шарттың 6-бөлімінде көзделген жауаптылықта болады.

7.5. Тараптар Тапсырыс берушінің Шарт шеңберінде алынған кез келген ақпаратты өзінің тартылған сыртқы консультанттарына, сыртқы заңгерлеріне, сыртқы аудиторларына және сақтандырушыларына негізді түрде ашуы заңды болатынын мойындайды.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)

8.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін,

егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де табиғи зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдердің басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар орын алған кезеңге жылжытылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, басталғаны және тоқтағаны туралы дереу екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлайды, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер дәлелдеуді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, содан кейін Тараптардың ешқайсысының басқа Тараптан қандай да бір зиянның өтемін талап етуге құқығы болмайды.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды оның қаншалықты қисынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген жағдайларға байланысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

(бұл бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талап болған кезде қолданылады)

9.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін Шарттың жалпы сомасының 3% (үш пайызы) мөлшерінде енгізеді (ерекшелік Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін күшіне енген Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайын құрайды), бұл ретте тиындармен есептелген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы дөңгелектенеді, атап айтқанда: 50 (елу) тиыннан аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 50 (елу) тиынға тең және одан жоғары сома - 1 (бір) теңгеге дейін дөңгелектенеді:

- 1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
- 2) банк кепілдігі немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша.

9.2. Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті адамдары Актіге қол қойған және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші Жеткізушіге енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

9.3. Егер Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген негіздер бойынша, мерзімде және тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажет шараны қолдануға міндетті.

10.2. Егер Тараптар келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

10.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

11. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

11.1. Тараптардың орналасқан жері және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабарлайды.

11.2. Шарттың 11.1-тармағында көзделген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделеді және Тараптар оған қол қояды.

11.3. Тапсырыс беруші:

1) Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

3) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушының) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

4) егер Жеткізуші банкрот немесе төлем жасауға қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Шарт дереу бұзылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік көтермейді;

5) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер мөлшеріндегі соманы қайтарады және Шарттың 6-бөлімінде айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді;

6) Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

11.4. Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді, ол аяқталғаннан кейін Шарт бұзылды деп есептеледі. Хабарламада Шартты бұзудың себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

12. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Шарт Жеткізуші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде енгізген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өзінің міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

13. ШАРТ ТІЛІ

13.1. Шарт электрондық түрде заң күші бірдей Қазақстан Республикасының мемлекеттік (қазақ) және ресми (орыс) тілдерінде жасалды.

13.2. Шарт мәтіндері арасында алшақтық болған, оқулар, алшақтықтар және (немесе) Шарт талаптарының мағыналық мазмұнында қандай да бір сәйкессіздіктер туындаған жағдайда, ресми (орыс) тіліндегі шарттарды қамтитын Шарт артықшылыққа ие болады.

14. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

14.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) оның ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

14.2. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

15. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы >
<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы >
<Тапсырыс берушінің ЖСК >
<банктің атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс берушінің атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы>
<Жеткізушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банктің атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізушінің атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.П. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ө. – тегі, аты, әкесінің аты.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом тендера <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок услуг <наименование услуг> (далее - Услуги) способом тендера и принял тендерную заявку Поставщика на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге ____ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Заказчик поручает и оплачивает, а Поставщик принимает на себя обязательство по оказанию Услуг в срок и на условиях, предусмотренных Договором и Технической спецификацией.

